



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

24.08.2020 № 164

Құрық ауылы

село Курык

**Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі
сауда-саттыққа (конкурстарды, аукциондарды) шығарылатын жер
учаскелерінің тізімін белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 290 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**


1. Қарақия ауданы бойынша жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (конкурстарды, аукциондарды) шығарылатын жер учаскелерінің тізімі осы қаулының қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қарақия аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекемесі (Н. Мекенова) сауда-саттықты ұйымдастырсын.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Қ. Төретаевқа жүктелсін.

Әкім

Қ. Беков





Мемлекет меншігіндегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін жеке меншік құқығына және жалдау құқығына сату жөніндегі сауда-саттыққа шығарылатын жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің пайдалану мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Кәсіпкерлік нысан құрылысын салу және пайдалану үшін	0,1750	Жеке меншік	Құрық ауылы
2	Кәсіпкерлік нысан құрылысын салу және пайдалану үшін	0,1700	Жеке меншік	Құрық ауылы
3	Кәсіпкерлік нысан құрылысын салу және пайдалану үшін	0,1000	Жеке меншік	Құрық ауылы
4	Қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі технологиялық кешенді жайластыру үшін	10,0000	Жеке меншік	Қаракия ауданы босалқы жері қоры
5	Кәсіпкерлік құрылысын салу үшін	0,0049	Жеке меншік	Құрық ауылы
6	Кәсіпкерлік нысан құрылысын салу және пайдалану үшін	0,0400	Жеке меншік	Құрық ауылы
7	Өндірістік база құрылысын салу үшін	0,1250	Жеке меншік	Құрық ауылы
8	Мал бордақылау алаңының құрылысын салу үшін	0,2500	Жеке меншік	Құрық ауылы
9	Кәсіпкерлік құрылысын салу үшін	0,0049	Жеке меншік	Құрық ауылы, Маңғыстау жерінен
10	Фермерлік теңіз балықтарын өсіру үшін	5,0000	Жалдау құқығымен сату	Құрық ауылы, Токмак жерінен
11	Кәсіпкерлік нысан құрылысын салу және пайдалану үшін	0,0400	Жеке меншік	Сенек ауылы
12	Аялдама және дүкен құрылысын салу үшін	0,0120	Жеке меншік	Сенек ауылы
13	Кәсіпкерлік нысан құрылысын салу үшін	0,1000	Жеке меншік	Бостан ауылы
14	Кәсіпкерлік нысан құрылысын салу үшін	0,0050	Жеке меншік	Құланды ауылы
15	Дәріхана құрылысын салу үшін	0,0050	Жеке меншік	Құланды ауылы
16	Жем қоймасының құрылысын салу үшін	1,0000	Жеке меншік	Жетібай ауылы
17	Көпфункционалды қызмет көрсету орталығының құрылысын салу үшін	0,5000	Жеке меншік	Жетібай ауылы,
18	Кәсіпкерлік нысан және дәріхана құрылысын салу үшін	0,0150	Жеке меншік	Жетібай ауылы
19	Кәсіпкерлік нысан құрылысын салу үшін	0,1000	Жеке меншік	Мұнайшы ауылы
20	Өндірістік база құрылысын салу үшін	0,2500	Жеке меншік	Мұнайшы ауылы
21	Ветеринариялық дәріхана құрылысын салу үшін	0,0500	Жеке меншік	Мұнайшы ауылы
22	Жылыжай құрылысын салу үшін	1,9100	Жалдау құқығымен сату	Мұнайшы ауылы
23	Кәсіпкерлік құрылысын салу үшін	0,0300	Жеке меншік	Мұнайшы ауылы
24	Өндірістік және тұтыну қалдықтарын қабылдау, уақытша сақтау, өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру, орналастыру мен көму кешені және тазартылған саркынды суларды буландыру алаңдарының құрылысын салу үшін	10,0000	Жеке меншік	Қаракия ауданы босалқы жері қоры
25	Өндірістік және тұтыну қалдықтарын қабылдау, уақытша сақтау, өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру, орналастыру мен көму кешені және тазартылған саркынды суларды буландыру алаңдарының құрылысын салу үшін	7,0000	Жеке меншік	Қаракия ауданы босалқы жері қоры
26	Наубайхана құрылысын салу үшін	0,0400	Жеке меншік	Мұнайшы ауылы
27	Билборд құрылысын салу үшін	0,0006	Жеке меншік	Мұнайшы ауылы
28	Билборд құрылысын салу үшін	0,0006	Жеке меншік	Мұнайшы ауылы
29	Жанар-жағар бекеті құрылысын салу үшін	0,3500	Жеке меншік	Мұнайшы ауылы